

**Екібастұз қаласының аумағында "Greenhouse-Qaztomat" ЖШС жылыжай кешенінде карантиндік режим енгізіле отырып, қызанақ жемісінің қоңыр қатпарлы вирусы (Tomato brown rugosefruit virus) бойынша карантиндік аймақты белгілеу туралы**

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 782/9 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Өсімдіктер карантині туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларға сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Баянауыл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 09 қыркүйектегі № 1-13/1-2-05/104 ұсынысы негізінде, Екібастұз қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қызанақ жемісінің қоңыр қатпарлы вирусы (Tomato brown rugosefruit virus)" карантиндік объектісінің анықталуына байланысты Екібастұз қаласының аумағында "Greenhouse-Qaztomat" ЖШС жылыжай кешенінде карантиндік режим енгізіле отырып, қызанақ жемісінің қоңыр қатпарлы вирусы (Tomato brown rugosefruit virus) бойынша карантиндік аймақ белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Екібастұз қаласының әкімі*

*А. Бейсекин*